

**Мемлекеттік мүлікті есепке алу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір
шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 391 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і н

2 0 1 3

№ 3 9 1

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов

Р е с п у б л и к а с ы

2 4

с ә у і р д е г і

ж ы л ғ ы

қ а у л ы с ы м е н

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 2 1 1 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Бюджеттік бағдарлама» деген 7-бөлімде:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7.1-кіші бөлімде:

«016 Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен байланысты дауларды реттеу» деген бюджеттік бағдарламада:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

мына:

«

мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекеттік қатысы бар заңды бірлік	27 000	26 700	27 600	27 400	27 300	27 200		
тұлғалардың Тізілімінде тіркелген есепке алу объектілерінің көлемі								

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

мемлекеттік мүлік тізілімінде тіркелген есепке алу объектілерінің саны	бірлік	27 000	26 700	27 600	27 400	27 300	27 200		
--	--------	--------	--------	--------	--------	--------	--------	--	--

».

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.02.2014 № 88 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. «Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 784-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар құқығын мемлекет сыйға тарту шарты бойынша иеленген мүлікті есепке алуды мемлекеттік мүлік тізіліміне ол туралы мәліметтерді енгізу жолымен жүргізеді.».

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 636 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 636 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.03.2014 № 177 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. «Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4

желтоқсандағы № 1546 қаулысында:
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларында:
13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мониторинг нәтижелері мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі - тізілім) электронды есеп түрінде енгізіледі.».

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 4 с ә у і р д е г і
№ 3 9 1 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.03.2014 № 177 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 4 с ә у і р д е г і
№ 3 9 1 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы № 246 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 9, 61-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қазандағы № 1369 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 36-37, 478 - құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы № 246 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы № 580 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 15, 162-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы № 246

қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі № 926 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 36, 396-құжат).

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 352 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 157-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК